



Altyn Qyran



Бизнес идеяның түйіндемесі



Кең байтақ дала төсін төрт түлікке толтырып, ел ырызығын еселеп жүрген ерен еңбек иелері – мал шаруашылығы еңбеккерлерінің еліміз дамуына қосып отырған үлесі салмақты.

Адам қорек ретінде пайдаланатын жан-жануарлармен салыстырғанда жылқы етіне жететіні жоқ. Жылқы етінің диеталық қасиетінің жоғары екені даусыз. Жылқының еті ағза мүшелеріне сіңімді. Оның ішінде асқазанға жеңіл тағам. Мәселен, сиыр етімен салыстырғанда адам ағзасына 8 есе жылдам сіңеді. Холестерин майында өте аз мөлшерде байқалады. Бұл дегеніміз оның адам денсаулығына мүлдем зиянсыз екенін білдіреді.

ALTYN QYRAN



Қала
орталығында
орналасуы

Қолжетімді
баға

Сапалы
қызмет

Денсаулыққа
пайдалы

Қарсы
алу және
күту

Дәмді –
ұлттық
тағам

Компанияның
Сипаттамасы



Мақсаты

Шетелден келген
қонақтарға біздің
ұлттық тағамдарды
ұсыну арқылы,
туризмді дамыту.

Мал шаруашылығы
мен айналасу арқылы
халықты етпен
қамтамасыз ету.



Өнімнің түрлері :

Қуырдақтың бірнеше түрі бар. Жас еттен бе, сүрі еттен бе, қалауыңыз біледі. Түйе, жылқы, сиыр, қой етінен жасалған қара қуырдақ, қонақ қуырдақ, сырбаз қуырдақ, қабырға қуырдақ, асылған ет, қазы-қарта, жал-жая, шұжық, қазы нарын, нарын, әсіп, сірне, құйрық-бауыр, жаппа, түймеш, жөргем, үлпершек, қарын бөртпе, қуырылған бауыр, ұнға қуырылған бауыр, кеспе көже, қатық қосылған кеспе көже, бидай көже, тары көже, ақ ірімшік, сары ірімшік, жент, қатық, құрт, қарындағы май, балқаймақ, таба нан, ыстық бауырсақ, бапталған қымыз бен шұбат секілді, айтып тауыса алмайтын қазақтың ұлттық тағамдарын кездестіресіз. Қаймақ қатқан сүтпен шай, талқан шай, қалампыр шай, т.б. күрең қызыл шайды рақаттана ішіп, жаның жай табады.

Маркетингтік жоспарлау

Тауар (Product)
Таза ет өнімдері;
Сапалы қызмет;
Тауарды жеткізу;
Кепілдік.

Сату орны (Place)
Мейрамхана;
Кафе;
Сайт арқылы.

Баға (Price)
Қолжетімді баға;
Қолма-қол ақша
айырысу;
Карточка арқылы
төлеу.

Коммуникация
(Promotion)
Жарнамалау:
Визитка;
Буклет;
Плакат;
Әлемдік желіде.

Қаржылық жоспар :

Көрсеткіштер	1 жылдағы сомасы, теңгемен
Пайда(сатылымдар)	53 450 000
Қызметтердің өзіндік құны	18 120 000
Азық-түлік шығыны	12 000 000
Еңбекақы төлемдер шығыны	9 110 000
Тасылмалдау мен басқару шығындары	210 000
Коммуналдық төлемдер	1 210 000
Жарнама	120 000
Жалпы табыс/шығын	25 982 000
Салық төлемдері	1 215 000
Таза пайда	32 840 000

Ұйымдастыру құрылымы:

Қызметкерлер	Саны	Еңбек ақы	
		1 айы	1 жылы
Басшы	1	130 000	1 550 000
Есепші	1	115 000	1 201 000
Менеджер	1	120 000	1 301 000
Маркетолог	1	115 000	1 201 000
Аспазшылар	3	80 000	810 000
Даяршылар	4	70 000	741 000
Мал қараушылар	2	50 000	651 000
Жүргізуші	1	54 000	562 000
Жеткізуші	1	54 000	562 000
Барлығы	15	788 000	8579000

Өнімді сатудан түсетін табыстар :

Атауы	1 жылдағы орташа саны	Өнімнің орташа құны	Барлығы 1 жылдағы
Келушіледі тамақтандыру	12 500	5000	35 210 000
Кафеден түсетін түсімдер	5400	3500	6 100 000
Тапсырыста н түскен табыс	6200	3500	15 200 000
Барлығы			51 020 000



Қорытынды:
Біздің мейрамханамызда таза ет өнімдерінен ұлттық тағамдарды шетелден келген қонақтарға ұсыну арқылы, біз туризмді дамытамыз, және де біздің шығаратын өнім сұранысқа ие болады.